Журналисты в целом достаточно критично относятся к идее создания органов самоуправления СМИ, которые бы занимались рассмотрением споров между редакциями и гражданами, либо юридическими лицами.

Опрошенные отмечали, что они не представляют, в какой форме будут создаваться такие органы. Одним из главных вопросов для журналистов остается, кто будет входить в состав такого органа, на какой основе будут избираться его члены, будут ли решения совета обязательными для исполнения.

Репортеры и редакторы сомневаются в компетентности советов и в его объективности, поскольку не видят в своих регионах и на республиканском уровне большого числа компромиссных и компетентных фигур, которые бы устраивали все СМИ.

Менее трети опрошенных указали, что они готовы доверять решениям таких советов и следовать им. Многие редакции отметили, что лишь после того, как будут обладать полной картиной создания и функционирования подобных советов, они смогут принять решение о том, будут ли участвовать в такой работе.

Знаете ли вы, что такое органы саморегулирования СМИ



- Знаю хорошо
- Не знаю
- Знаю, но немного

1. Совет создан общественным фондом MediaLife, www.medialife.kz

Создание профсоюза журналистов

Подавляющее большинство редакций СМИ в Казахстане не имеет профсоюзов. В республике действует только одна профессиональная ассоциация сотрудников масс-медиа – Союз журналистов Казахстана, который не является классическим профсоюзом.

Между тем представители медиа-сферы в подавляющем большинстве не видят необходимости в создании казахстанского профсоюза журналистов, поскольку считают, что ему не удастся, во-первых, объединить всех работников сферы и, во-вторых, стать по-настоящему работающей структурой.

«Журналистика - не та профессия, чтобы у всех появился достойный профсоюз. Мы пытались что-то подобное создать, но не получили отклика от руководства и даже не все наши сотрудники пошли на это».

«Только молодым журналистам нужен профсоюз».


«Подобные организации создаются время от времени, но потом куда исчезают. По-моему, специфика творческой профессии не позволяет создать устойчивый и стабильный профсоюз».

«Какой-то общий отраслевой профсоюз пригодился бы. Вопрос в том, что у нас профсоюзы в целом играют незначительную роль по причине, что во главе стоят инертные люди. Можно бы сделать профсоюз, но вопрос - нужно ли».

В целом опрошенные отмечают, что не представляют себе единого республиканского профсоюза журналистов, который, в случае его создания, скорее всего, не будет хорошо работающей структурой.

Одновременно журналисты отмечают, что это не отменяет того, что необходимо защищать трудовые права журналистов, особенно в регионах республики, где они нарушаются особенно часто. В этой связи, возможно, необходимо обсуждать создание локальных профсоюзных организаций, которые бы работали с небольшой группой журналистов.

Необходимо ли создать в Казахстане профсоюз журналистов.



■ Да
 ■ Нет
 ■ Затрудняюсь ответить

ПОТРЕБНОСТИ МАСС-МЕДИА

Практически все казахстанские журналисты считают, что средства массовой информации нуждаются в улучшении их качества. Этого можно достичь, прежде всего, через повышение профессионализма журналистов и редакторов.

Абсолютное большинство (свыше 90%) опрошенных в рамках исследования специалистов медиа-сферы отметили, что они заинтересованы в прохождении тренингов и семинаров по различным направлениям. При этом обозначенный круг таких тренинговых программ оказался достаточно широк.

Большую часть журналистской аудитории интересует деловая журналистика. Репортеры и редакторы отмечают, что имеют серьезные пробелы в знаниях о финансовом секторе, работе банков, функционировании финансовых институтов, слабо владеют информацией о макроэкономике и некоторая часть – об экономических процессах в целом.

Большая группа журналистов заинтересована в расширении своих знаний в правовой сфере – в вопросах регулирования деятельности масс-медиа, способах правовой защиты журналистов, вопросах работы судов, вопросах юридической техники.

Помимо этого, журналисты и редакторы в качестве тем, которые интересны им для знакомства называли международные стандарты журналистики, модели работы западных изданий, международную журналистику, экологическую журналистику, политическое обозрение, освещение конфликтов, освещение социальных вопросов.

Примерно 60% редакторов и собственников СМИ отметили, что готовы расширять свои знания в области менеджмента масс-медиа, поскольку видят пробелы в своих знаниях в этой сфере.

Редакторы также отмечали, что готовы способствовать повышению уровня образования в вузах, поскольку они заинтересованы в поступлении к ним на работу новых профессиональных кадров – выпускников учебных заведений.

Медиа-специалисты наравне с творческими потребностями на первое-второе места поставили также экономические потребности редакций. Журналисты и редакторы отмечали, что видят необходимость в расширении числа рекламодателей, улучшении отношений с бизнесом, создании условий для долгосрочных отношений между редакциями и бизнес-структурами.

В этой связи отмечалась необходимость улучшения работы коммерческих и рекламных служб изданий и повышения уровня их профессионализма в рамках новых тренинговых программ. В настоящее время только ограниченное число изданий имеет возможность посещать подобные мастер-классы ввиду их высокой стоимости и малого числа программ.

Помимо этого, редакторы высказывались также в пользу учреждения, либо развития специальных советов, в которые бы входили представители изданий и бизнес-структур, в рамках которых они могли бы налаживать и обсуждать сотрудничество.

Лишь небольшое число редакций отмечало, что имеет острые технические потребности, такие как улучшение материальной базы, покупка нового оборудования. Подобные потребности испытывают, как правило, региональные и небольшие издания, которые отмечали необходимость обновления оборудования, на котором они работают и в качестве одной из целей – приобретение собственной типографии ввиду дороговизны услуг тех, где они печатают свои издания.

В Казахстане практически нет редакций, которые бы самостоятельно участвовали в грантовых программах международных донорских организаций и предлагали бы свои проекты, направленные на развитие того или иного направления журналистики. При этом свыше 70% изданий заинтересованы в участии в таких программах и заявили о готовности направлять донорам заявки с проектными предложениями, поскольку редакции постоянно генерируют и обсуждают новые идеи.

КЛЮЧЕВЫЕ РИСКИ ДЛЯ МАСС-МЕДИА

Риски для средств массовой информации в Казахстане сосредоточены в двух плоскостях: политической и экономической. При этом, именно экономические риски журналисты и редакторы считают ключевыми для изданий.

Так, более 60% опрошенных в ходе исследования, отметили, что основными рисками для их редакций является потеря рекламы, либо финансирования. Это может привести либо к закрытию изданий, либо к существенному сокращению их штата. При этом редакторы и собственники отмечали, что влияние именно экономических рисков значительно возросло в последние полтора-два года. Только 20% опрошенных назвали стабильным финансовое положение в их редакциях, остальные отмечали, что знают о существовании проблем из-за сокращения объема рекламы и ухода рекламодателей, в частности, строительных компаний и банков.

Казахстанское медиа-сообщество, отмечая положительную сторону нынешней ситуации, отмечает, что на рынке после кризиса останутся только сильные игроки, которые смогут удержать читателя и рекламодателя за счет использования новых интересных подходов и форм подачи информации.

Вместе с тем многие издания отмечают, что нуждаются в улучшении качества менеджмента на фоне экономических рисков, что усилило бы стабильность редакций и помогло легче справляться с кризисными ситуациями, подобными настоящей.

Среди политических рисков медиа-специалисты указывали на увеличение давления со стороны властей, либо попыток взятия под тотальный контроль медиа-сферы. Такую тенденцию видят некоторые журналисты во всех регионах страны.

Именно в рамках этой тенденции журналисты отмечали происходящее в последние годы усиление государственного социального заказа, который используется как элемент контроля со стороны властей за деятельностью СМИ. Схожей проблемой названо и приобретение правящей партией «Нур Отан» целого ряда изданий в конце 2008 года, в чем некоторые опрошенные видят скорее негативный факт, поскольку отмечают, что СМИ, входящие в партийный холдинг, более не могут считаться объективными в освещении ситуации в стране.

Журналисты региональных СМИ также считают, что в ближайшие годы будет возрастать риск передела собственности в медиа-сфере в регионах Казахстана. Влиятельные группы будут стараться взять под контроль наиболее независимые и яркие издания, которые в результате могут потерять свою остроту.

РЕКОМЕНДАЦИИ

По изменению законодательства

- Привести законодательство в соответствии с европейскими и международными стандартами в области свободы выражения мнения.
- Декриминализировать наказание за клевету и оскорбление.
- Ужесточить наказание за нападения, покушения и убийства журналистов и сотрудников средств массовой информации.
- Ввести государственную пошлину к суммам исков к СМИ по возмещению морального ущерба.
- Ограничить суммы штрафов, взимаемых со средств массовой информации за нанесение ущерба чести, достоинству и деловой репутации, для этого расширить рекомендации Верховного суда в части взысканий со СМИ.
- Ограничить сроки исковой давности по искам к средствам массовой информации по взысканию компенсации морального вреда и ущерба до одного года.
- Принять закон о доступе к информации журналистов и граждан, предварительно проведя его широкое обсуждение и приняв во внимание рекомендации общественных организаций.
- Ужесточить наказание за воспрепятствование профессиональной деятельности журналистов.
- Ужесточить наказание за непредоставление государственными служащими запрашиваемой журналистами информации.
- Пересмотреть либо отменить закон об информационно-коммуникативных сетях, отказавшись от признания всех интернет-ресурсов средствами массовой информации.
- Принять поправки в законодательство о СМИ, запрещающие монополизацию масс-медиа.
- Рассмотреть возможность снятия, либо изменения ограничений на владение иностранными гражданами и компаниями доли в казахстанских СМИ.

Государственным органам

- Ввести институт общественного контроля за распределением государственного заказа в области проведения информационной политики. Сделать процедуру распределения средств в рамках госзаказа более прозрачной. Создать общественный совет по контролю за распространением госзаказа.
- Ввести институт общественного контроля за деятельностью государственных СМИ, создать соответствующие общественные совет(ы).
- Расширить диалог с гражданским обществом и медийными организациями по реформированию казахстанского законодательства в области СМИ.
- Отказаться от принятия поправок в законодательство в области СМИ без широкого обсуждения с медийным сообществом на примере последних поправок в закон о СМИ и непринятия мнения гражданского общества при обсуждении закона об интернете.

- Усилить контроль в области доступа журналистов к информации, расширить инструкции для чиновников и специальных департаментов по работе с прессой.

Медийному сообществу

- Расширить взаимодействие между казахско- и русскоязычными средствами массовой информации для преодоления возникающих барьеров и предоставления гражданам полной информации о происходящем в стране на обоих языках. Учредить общественный совет по взаимодействию СМИ, издающихся на государственном и официальном языках.
- Активизировать участие в диалоге с правозащитными и медийными институтами по реформированию казахстанского законодательства о СМИ.
- Сделать более прозрачной структуру собственности масс-медиа в республике, что способствовало бы лучшему пониманию в обществе позиций СМИ.
- Активизировать сотрудничество с вузами и образовательными структурами для улучшения ситуации в сфере подготовки кадров.

Медийным организациям и донорским институтам

- Усилить мониторинг исполнения обязательств Казахстаном в области свободы выражения мнений.
- Проводить регулярные исследования в сфере программ обучения и переобучения журналистов.
- Продолжить и расширить правовое обучение журналистов.
- Сфокусироваться на нескольких программах по обучению журналистов, в частности, способствующих развитию плюрализма мнений и свободы слова: журналистское расследование, аналитическая журналистика.
- Расширить программы обучения и переобучения по финансовой и экономической журналистике.
- Учредить постоянно действующую экспертную группу по анализу проблем медийного сообщества для выработки рекомендаций в сфере масс-медиа.
- Расширять взаимодействие медийных организаций, работающих в целях развития средств массовой информации, проводить более скоординированную политику в области программ помощи.
- В случае обсуждения Кодекса этики журналистов привлечь к этой работе международных экспертов, принимать подобный документ только после широкого обсуждения в медийном сообществе.
- Продолжить обсуждение необходимости внедрения в республике органов саморегулирования СМИ, внедрять подобную практику только на пилотной основе и ввести институт ротации в таких органах и четкого соблюдения принципа представленности в них различных сторон и представителей общества.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

■ «ҚАЗАҚСТАН МАСС-МЕДИАСЫ:
НЕГІЗГІ ОЙЫНШЫЛАР, МҮМКІНДІКТЕР,
ҚАЖЕТТІЛІКТЕР МЕН ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР»

КІРІСПЕ

«Қазақстан масс-медиасы: негізгі ойыншылар, мүмкіндіктер, қажеттіліктер мен қауіп-қатерлер» зерттеуін 2009 жылы Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен MediaNet Халықаралық журналистика орталығы жүргізді. Зерттеу Қазақстанның 10 аймағын (Алматы, Астана қалаларын, Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарын) қамтыды.

Зерттеудің негізгі мақсаттары республикадағы масс-медианың дамуының негізгі қажеттіліктерін, БАҚ-на (Бұқаралық ақпарат құралдары) төнетін қауіп-қатерлерді анықтау және медиалық, донорлық бірлестіктерге, мемлекеттік органдарға, медиа-құрылымдарға ұсыныстар әзірлеу болды.

Зерттеуге 350-ден астам журналист, редактор, БАҚ-ның меншік иелері, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, журналистер дайындайтын мемлекеттік және жекеменшік оқу орындарының өкілдері қатысты.

Зерттеу үш кезеңмен өтті:

- бірінші кезең барысында республикалық және аймақтық мерзімді және электронды басылымдар – масс-медиа саласындағы негізгі ойыншылар жайында ақпарат жинақталып, өңделді;
- екінші кезеңде Қазақстанның 10 аймағынан журналистермен, редакторлармен, БАҚ-ның меншік иелерімен, ЖОО, мемлекеттік органдар, ҮЕҰ өкілдерімен 280-нен астам сұхбат жүргізілді; сонымен қатар, электронды пошта арқылы аймақтық журналистерден 70-тей қысқаша сауалнама алынды;
- үшінші кезең ақпаратты өңдеу мен ұсыныстар даярлауға арналды;

Зерттеу барысында авторлар ақпараттың ашық көздерін, мемлекеттік органдар базаларын, бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін пайдаланды. Қорытынды құжатта сұхбаттардан келтірілген барлық үзінділер құпия негізде (анонимді) жарияланады.

Соңғы жылдары республикада БАҚ ісіне жүргізілген шолулардың ең бір көлемдісі болған бұл зерттеудің негізгі нәтижелері мыналар:

- зерттеу республика масс-медиасының ұжымдық портретін көрсетеді, яғни журналистер журналистердің көзімен; репортерлар мен редакторлар зерттеу аясында БАҚ-ның даму жолында пайдаланылуы мүмкін түйткілді мәселелер мен шешімдерді өз көзқарастары тұрғысынан білдіреді;
- зерттеу қазіргі кездегі медиа-бірлестіктің негізгі мәселелерін айқындады;
- сонымен қатар, масс-медианың ең әуелі экономикалық және шығармашылық салаларында шоғырланған негізгі мәселелері анықталды;
- масс-медиаға төнетін негізгі қауіп-қатерлер анықталды;

Түйткілді мәселелерге, қажеттіліктерге, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерге талдау жасаудың өзі БАҚ-ын қолдау бағыты мен медиалық ұйымдар және донорлық бірлестіктер тарапынан болатын көмектік бағдарламаларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, түзетулер енгізуге мүмкіндік туғызады. Мұның өзі масс-медиа саласындағы жағдайды журналистер мен редакторлар және басқа да қызығушы жақтардың – мемлекеттік органдардың, ЖОО-ның, халықаралық және жергілікті медиалық құрылымдардың түсінуін жақсартады.

Қорытынды құжат зерттеудің қамтылған мәселелерге сәйкес блоктарға бөлінген негізгі нәтижелеріне шолу болып табылады. Құжатта, сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген елдің медиалық көрінісіне шолу және ұсыныстар берілген.

Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары міндетті түрде зерттеу авторларының және Сорос-Қазақстан Қорының көзқарасын білдірмейді, бірақ жобамен жұмыс барысында жиналған пікірлерге шолудың нәтижесі болып табылады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕДИА КӨРІНІСІ

Қазақстандағы масс-медиа

Қазақстанда 2970-тен астам тіркелген бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істеуде, олардың 200-ден астамы электронды БАҚ¹. Масс-медиа негізінен ірі қалаларда – Астанада, Алматыда және облыс орталықтарында шоғырланған. Әрі бұрынғысынша аудандық аз тиражды газеттерді шығару ісі де жалғасып келеді.

Қазақстанда басылымдардың негізгі бөлігі (85-90%-дан астамы) мемлекеттік емес болып табылады. Мемлекеттік басылымдар жергілікті әкімшіліктердің қолдауымен (билік органдарының өкілдері) елдің барлық аймақтарында жұмыс істеуде. Астана мен Алматыда бірнеше мемлекеттік республикалық газет-журналдар шығарылады, республикалық мемлекеттік телевизия мен радиостанциялар хабар таратады.

Ресми статистиканың Қазақстандағы басылымдардың көпшілігін тәуелсіз етіп көрсеткеніне қарамастан, БАҚ-ның негізгі бөлігі билікке адал, оған масс-медиа иелерінің билікке жақындығы, басылымдардың мемлекеттік қаражатты алып отыруы және басқадай жағдайлар себепші болып отыр.

Соңғы жылдары БАҚ-ның меншіктік түріне қарамастан, басылымда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жариялау таралған, яғни республикалық және жергілікті мемлекеттік органдар БАҚ-да түрлі тақырыпта әлеуметтік маңызы бар ақпаратты жариялау конкурсын жариялайды. Масс-медиа конкурсқа өтініш жібереді, оның жеңімпаздары әдеттегідей билікке ыңғайлы басылымдар болады. 2009 жылы Қазақстанның мәдениет және ақпарат министрлігі бойынша БАҚ-ы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 1,1 млрд. теңге (7,3 млн. АҚШ доллары) алды². Және тек белгілі бір басылымдар жылма-жыл мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу тапсырысын алушы болып шығып отырады.

Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері–көбінесе коммерциялық корпорациялар, қаржылық-өндірістік топтар, ал аймақтарда ірі және орта деңгейдегі бизнесмендер. Әдетте, меншік иелері өздерінің БАҚ-ның иесі екенін жария қылмайды: басылымдардың ресми меншік иелері жекеменшік компаниялар немесе делдалдар болып табылады.

Республикада бірнеше ірі медиа-холдинг бар, олардың иелері не қаржылық-өндірістік топтар, не ірі бизнесмендер. Сонымен қатар, холдингтерге мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары да біріккен («Арна медиа» холдингі – «Хабар», «Ел арна», «Қазақстан», CaspioNet телеарналары, «Қазақ радиосы», «Хабар», «Шалқар» радиостансалары, «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері, «Қазинформ» ақпараттық агенттігі және басқалар) және

1. Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 жылғы қыркүйек айындағы мәліметтері.

2. Мәліметтер Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінің сайтынан алынды.

«Нұр Отан» партиясы иелік ететін БАҚ бар («Астана» телеарнасы, NS және РДВ радиостансалары, «Айқын», «Литер», «Түркістан» және басқалар). Басқа холдингтер формалды құрылымдарға жатпайды.

Қазақстанда биліктік және оппозициялық бұқаралық ақпарат құралдары деп бөлу кең таралған. Оппозициялық басылымдарға оппозициялық партиялар мен белсенділердің қолдауымен шығатын ұзын саны 10-нан аспайтын газеттер ғана жатады. Елде бейтарап БАҚ із жүзінде жоқтың қасы, олардың белгілі бір саяси немесе қаржылық топты қолдауы жарияланымдардан, басылым сыңайынан байқалады. Немесе БАҚ бейсаяси ұстанымды таңдап, қауіпті тақырыптардан аулақ болуға тырысады.

Түрлі қолданылып жатқан шараларға қарамастан республикада қазақтілді және орыстілді масс-медианың арасындағы алшақтық азаймай тұр, соңғы кезде бұл екі бағыт мүлде бөлек екі әлемде жүргендей. Кейбір қазақ және орыс тілдерінде газет немесе журнал шығаратын басылымдар болмаса, елдің негізгі екі тілінде шығатын БАҚ өзара әріптестік қарым-қатынасқа бармауда. Жоғарыда аталған екітілді басылымдардың редакцияларының өзінде қазақ және орыстілді журналистердің әріптестік қарым-қатынасы жартымсыз..

Мұның өзі басылымның мазмұнына әсер етеді, кейде БАҚ қарама-қарсы, қайшылықты мазмұнда болып келуі мүмкін, қазақтіліндегі басылымдар орыс тілді БАҚ-да көтерілген мәселелер туралы жазбайды немесе керісінше. Бұл халықтың теріс, тіпті қарама-қайшылықты мәлімет алуына, тілдік топтар арасында түсініспеушіліктің туындауына алып келеді.

Сонымен қатар, қазақ және орыс тілді журналистердің арасында тақырып таңдауда, баяндауда, кәсіби деңгейде үйлесімсіздік байқалуда.

Республикалық масс-медиа

Қазақстанда жарық көретін бұқаралық ақпарат құралдарының ширек бөлігі республикалық болып табылады. Баспасөз құралдары мемлекеттік және жекеменшік тарату жүйелері арқылы таралады, электронды БАҚ мемлекеттік эфир жүйелерін пайдаланады, сонымен қатар, хабарды кабелдік жүйе немесе спутник арқылы тарату да таралған.

Қазақстан телеарналарының бірқатары республика тұрғындарының жартысынан астамын қамтып, хабар таратады («Хабар», «Қазақстан», «Ел арна» мемлекеттік телеарналары, жекеменшік КТК, НТК, «Рахат», «Жетінші арна», «Астана» және 31 арна телеарналары). Бұлардың шамамен жарты бөлігі Астанадан, ал қалғаны Алматыдан хабар таратады.

Республикалық мерзімді БАҚ-ның көпшілігінің Алматыда орталық кеңселері бар, Алматының және аймақтардың ірі баспаханаларында басылып шығады (негізгі үлес Қарағанды, Ақтөбе, Шымкент қалаларында).

Республикалық БАҚ-ның басым бөлігі барлық тақырыпты қамтитын қоғамдық-саяси бағытта шығады, сонымен қатар 20-дай белгілі іскери басылым бар (газеттер мен журналдар).

Қазақстанда, ресми мәліметтер бойынша, 10-нан астам ақпараттық агенттік бар. Олардың бесеуі ірі агенттік болып табылады, агенттіктердің негізгі бөлігінің Алматыда орталық кеңселері орналасқан (мемлекеттік «Қазинформ» мен ресейлік-қазақстандық біріккен «Новости-Казахстан» агенттіктерінен басқалары).

Барлық республикалық мерзімді және электронды басылымдардың Астанада үлкен тілшілер қосыны және Қазақстан аймақтарының басым бөлігінде стрингерлер жүйесі (штаттан тыс тілшілер) бар. Тек бірнеше басылымның ғана шет елде тілшілері жұмыс істейді.

Аймақтық масс-медиа

Қазақстанның барлық аймақтарында жалпы саны 50-ден кем емес мемлекеттік және жеке меншік бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. Кейбір аймақтардағы мерзімді және электронды БАҚ-ның саны басқа бір аймақтардан едәуір артық. Аймақтардағы БАҚ саны тұрғындардың санына және сол аймақтағы ықпалды топтарға байланысты (ірі қаржылық топтар, өндіріс орындары, бизнес). Ықпалды топтар, әдеттегідей, жергілікті БАҚ-на иелік етеді.

Көшбасшы аймақтарға БАҚ-ның санына қарай, Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Атырау¹ облыстары жатады. Бұл облыстарда өзінің кәсібилігі және ықпалдылығымен осы аймақтарда ғана емес, одан да тыс жерлерде белгілі болған көптеген басылымдар шоғырланған.

БАҚ-ның саны жағынан Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары аутсайдер болып табылады. Басқа аймақтарға қарағанда бұл облыстарда тұрғындар санының азырақ болуына байланысты масс-медиа саны да едәуір аз.

Соңғы жылдары республикада аймақтарды және онда басылып шығатын БАҚ-ын тілдік принцип бойынша бөлу байқалады. Оңтүстік және батыс аймақтарда қазақ тілінде шығатын газеттер едәуір көбірек болса, солтүстік, орталық және шығыс аймақтарда орыс тілінде шығатын басылымдар көбірек. Кейбір аймақтарда (мысалы, Қызылорда облысы) телехабарлар тұрғындар қажеттілігіне (негізінен этникалық қазақтар) сәйкес көбінесе қазақ тілінде таратылады.

1. Ашық ақпарат талдауы – мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ ақпараттары, мәліметтер базасы.

Республикалық деңгейде мерзімді басылымдар арасында орыс тілді басылымдар алдыңғы орында тұр, саны жағынан қазақ тілінде шығатын газет-журналдар санынан асып түсіп отыр. Әйтсе де екі мыңыншы жылдар ортасынан бастап мемлекеттік тілде сөйлейтін азаматтардың көбеюіне байланысты қазақ тіліндегі басылымдар санының өсіп отырғандығы, орыс тіліндегі басылымдардың қысқара басталғандығы байқалады.

Интернет-медиа

Республикада 2008 жылғы мәлімет бойынша халықтың 14%-ы интернет пайдаланады¹. Интернет-пайдаланушылар санының өсуіне байланысты интернет басылымдар саны да өсіп келеді. Олардың көпшілігі қоғамдық-саяси бағыттан гөрі, ақпараттық, ойын-сауықтық бағытты ұстанады.

Сол сияқты мерзімді басылымдардың (мысалы, «Время», «Литер» газеттері) интернет-нұсқалары кең таралған. Әдетте, газеттер онлайн-хабарлар үшін арнайы материалдар әзірлемейді, газет бетінде жарық көрген материалдарды сайтта орналастырумен ғана шектеледі. Бұл жағдайда оқырмандарды мақалаларға түсінік беріп, талдау жасау мүмкіндігі қызықтырады.

5 және одан көп жыл бойы Қазақстан мен одан тысқары жерлердегі жағдай туралы талдамалық материалдар мен жаңалықтарды жинап, таратумен айналысатын интернет-ресурстардың танымалдылығы арта түсті.

Соңғы екі жылда блоггерлер – жүйелік күнделік авторларның саны өсіп отыр. Қазіргі кезде жаңа блогтар бұрыннан белгілі Livejournal.com (оның танымалдылығы 2008 жылы қазан айында Қазақстандағы тұрақты шектелердің қойылуына байланысты кеми түсті) немесе LiveInternet ресурстарында да, жақыннан бері ашылып жүрген жергілікті ресурстарда да ашылып жатыр. Жүйелік басылымдардың көпшілігі тұрмыстық мәселелерге, оқиғаларға арналған, күнделік авторлары саясат пен экономика тақырыбына сирек жазады.

Қазақстандағы интернет-ресурстардың көбі ойын-сауық мазмұнында бағытталған, оны интернет пайдаланушылардың негізгі бөлігінің жастар болуымен түсіндіруге болады. Және бір бағыт жұмыс үстіндегі қоғамдық-саяси ресурстардың танымалдығы, сондықтан, олармен бәсекеге түсу қиынға соғады.

2009 жылы тамызда Қазақстанда қызу пікірталастардан кейін қабылданған ақпараттық-коммуникациялық желілер туралы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін (интернет туралы заң), Интернетте пайда болуы мүмкін цензурадан қауіп бар, бұған көптеген ресурстарда модераторлардың санының көбеюі, тіркеуге алудағы және

1. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс агенттігінің мәліметтері.

хат жіберу мен сайттарға пікір жазудағы қатаңдық дәлел бола алады. Сонымен қатар, жаңа заңның қабылдануы өзгертулер енгізілгенге дейін де елдегі саяси жағдайларға байсалдылықпен қараған блоггерлерге – азаматтық журналистерге қалай әсер ететіні белгісіз.

Медиа ұйымдар

Қазақстанда 15-тен астам белсенді республикалық және аймақтық үкіметтік емес ұйымдар бар, олар мақсатымыз сөз бостандығы мен бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына ат салысу деп жариялайды.

Медиа ұйымдар журналистерге заңдық көмек көрсетеді («Әділ сөз» Халықаралық сөз бостандығын қорғау қоры, Қарағандыдағы MEDIALIFE қоры және басқалар), журналистердің біліктілігін көтеруге арналған тренингтік бағдарламаларды жүзеге асырады (MediaNet Халықаралық журналистика орталығы, «Интерньюс-Қазақстан», Солтүстік-Қазақстан құқықтық медиа-орталығы және басқалар). Әдетте, ұйымдар бірден түрлі бағытта бірнеше жобаны жүзеге асырады.

Қазақстанда журналистердің еңбек құқығын қорғауға бағытталған кәсіби журналистеродағы жоқ. Республикада Қазақстан журналистерінің одағы – масс-медиа жұмысшыларының кәсіби ассоциациясы, сонымен қатар электронды БАҚ-ын біріктіретін - телерадиохабар таратушыларының ұлттық ассоциациясы бар. Сонымен қатар, Қазақстанда бірқатар халықаралық үкіметтік емес ұйымдар жұмыс жасайды – Internews Network өкілдігі, Institute for War and Peace Reporting (IWPR) және басқалар.

ҮЕҰ-дың көпшілігі Сорос-Қазақстан Қоры, Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығы, Фридрих Эберт атындағы Қор, Ұлыбритания, АҚШ, Нидерланды елшіліктері, ЮСАИД және өзге де жергілікті және халықаралық донорлық ұйымдардың гранттарымен жұмыс істейді. Медиа ұйымдар республикалық ұйымдар сирек қатысатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға да қатысады.

МАСС-МЕДИАНЫҢ ДАМУЫ

Қазақстанда масс-медиа 90-ыншы жылдардың басында, ел тәуелсіздік алған соң үлкен қарқынмен дамыды. Жыл сайын оқырманды жарқын, елең еткізер материалдарымен, журналистиканың жаңа түрлерімен баурап алуға тырысқан жаңа басылымдар ашылып жатты. Қазіргі кезге дейін ол басылымдардың көпшілігі жабылып қалды, бірақ соған қарамастан, сол кездегі Қазақстанның тәуелсіз журналистикасының бет-бейнесі сынды болған ең бір көзге түсерлері қалды, оған мысал ретінде, 1991 жылы жарық көрген және сол кезден бері көптеген өзгерістерге ұшыраған, әлденеше рет меншік иесін ауыстырған «Кара-ван» газетін жатқызуға болады.

1990-ыншы жылдардың соңында елге белгілі, үкімет үшін тәуелсіз сынаушы болған көптеген тәуелсіз телевизия және радиостансалар жабылып қалды. Осы кезден бастап олардың орнында не жаңа электронды БАҚ пайда болды, не ескі БАҚ түбегейлі өзгерістерге ұшырады, Қазақстанның телевизиясы мен радиосы іс жүзінде тәуелсіз және сынаушы болып саналуын тоқтатты.

Зерттеу барысында БАҚ, мемлекеттік органдар, ҰЕҰ өкілдері, ЖОО оқытушыларының пікірі бойынша масс-медиаының соңғы 3-5 жылда өзгерістерге ұшыраған-ұшырамағаны анықталды. Сұралғандардың көпшілігі БАҚ-да айтарлықтай өзгерістер болған жоқ деген пікірге келіп тоқтады.

Зерттеуге қатысқандардың жартысынан астамы (53%) Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарынан дамуды байқамағанын айтады. Оған негізгі себептердің арасында жеткілікті қаржыландырудың жоқтығы, журналистерге қойылған қатаң шектеулердің болуы атап көрсетілді.

«БАҚ баяу дамуда. Сапалы БАҚ-ның жоқтығы анық көрініп тұр. Күшті даму үшін жағдай жоқ. Телевизия мен радиоға кері кетушілік байқалуда»¹.


«БАҚ ұзақ уақыт бойы бір деңгейде тұр. Кей жерлерде кері кетушілік байқалуда, себебі, қоғам күннен-күнге тұйықталып, жабылып барады».

«Мемлекеттік БАҚ дамудың бір деңгейінде тұр, себебі, ол жерде үйлестірушілік жұмыстар бар».

«Мемлекеттік БАҚ-ның журналистеріне өздерінің кәсіби міндеттерін орындау, яғни шындықты іздеу, объективті материалдар беру қажет емес. Тек басшылықтың тапсырмасын орындап, мемлекет, билік, шенеуніктер жайлы жақсы мазмұндағы материалдар беріп отырса болғаны. Сондықтан, кәсіби тұрғыдан келгенде журналистер тоқырап жатыр».

Сұхбат бергендердің БАҚ-ның келер жылдары қалай дамуына

БАҚ дамуы



- БАҚ дамымады
- БАҚ дамуы айтарлықтай болған жоқ
- БАҚ дамыды
- БАҚ-да кері кетушілік байқалады

1. Осы және бұдан кейін келтірілген үзінділер – зерттеу барысында өткізілген жеке сұхбаттар мен фокус-топтардан алынды.

байланысты пікірлері шамамен теңдей екіге жарылды. Жартысынан сәл астамы масс-медиа жақын арада дамидынын, материалды ұсыну барысында жаңа, қызықты қадамдарға баратынын айтты, ал жартысынан сәл кемі, БАҚ-нан айтарлықтай даму күтпейді. Екі жақта БАҚ-ның дамуына екі фактордың әсер ететінін атап көрсетті, олар: қаржы және саясат.

БАҚ-ның көптеген редакторлары мен меншік иелері алдыңғы жылдарға қарағанда жарнама көлемі мен қаржыландырудың ауқымды түрде қысқаруына байланысты өз масс-медиясының дамуындағы жоспарлардан, жаңа жобалардан бас тартуға мәжбүр болғандықтарын атап көрсетті. Олардың біразы жарнаманың бұрынғы көлемінің қалпына келетініне көздері жетсе, жаңа ойларды жүзеге асыруға дайын екендіктерін жеткізді.

Журналистер мен редакторлар масс-медияның дамуы елдегі саяси жағдайға және мемлекеттік органдардың БАҚ-на бұдан да кеңірек еркіндік беруге деген дайындығына байланысты екенін атап айтты.

Редакторлар мемлекет тарапынан масс-медиаға, әсіресе электронды БАҚ-на, бақылау орнату тенденциясын көңіл алаңдатарлық деді. Көпшілігі мемлекеттік органдар тарапынан бақылау әлсіресе, көптеген БАҚ аудитория үшін өтімді болар еді және қазіргіге қарағанда елдеқайда қызықты және мазмұнды материалдар дайындар еді деген пікірге тоқтады.

Сұралғандардың көпшілігі дағдарысқа қарамастан алдыңғы жылдары да байқалған БАҚ-ның техникалық дамуы жалғасады деген пікір білдірді. Мерзімді баспасөз өкілдері БАҚ-ның дизайны мен беттеп, басып шығарылуын, электронды БАҚ-ның журналистері хабар таратудың сапасының жақсаруын күтеді, сонымен қатар эфир телеарналары мен радиостансаларына салмақты бәсекелес бола алатын спутникті және кабелді хабар тарату дамиды деген пікір бар.

Журналистер, сонымен қатар, қоғам талаптарына жауап беретін, тек ойын-сауықтық бағытта жұмыс істей бермейтін интернет-жобалардың дамуын күтетінін атап көрсетті.

Сонымен бірге, сарапшылардың көбі алдағы жылдары БАҚ аудиториясы пассивті болады, талдамалық ақпараттың сапасының дамуын талап етпейді, тек болып жатқан оқиғаларға деген қызығушылықпен шектеліп қалады деп санайды.

МАСС-МЕДИАНЫҢ ЕРКІНДІГІ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Қазақстан дәстүрлі түрде баспасөзі тәуелсіз емес елдердің қатарына жатқызылады. Freedom House және «Шекарасыз репортерлар» құқыққорғау ұйымдарының индекстерінде Қазақстан соңғы орында, көптеген халықаралық ұйымдар елде БАҚ-ның билік тарпынан жасалған бақылау астында жұмыс істейтінін, журналистердің саяси, экономикалық және қоғамдық оқиғалар мен жағдайларды еркін сипаттай алмайтынын атап көрсетуде. Еркін баспасөздің жағдайы Қазақстанда соңғы бес жыл бойы нашарлауда.

Зерттеу көрсеткендей, қазақстандық журналистер мен медиа-салада жүрген сарапшылардың пікірі халықаралық зерттеушілер мен ұйымдардың пікірімен шамамен бір жерден шықты. Репортерлар мен редакторлар, өздері жұмыс істейтін басылымның меншіктік түріне қарамастан, республика не аймақтарда БАҚ-ын тәуелсіз деп айтуға болмайды дейді.

«Мүмкін журналистер белгілі бір тақырыптарға келгенде тәуелсіз түрде жаза алатын шығар, бірақ жалпы, олай емес. Себебі, БАҚ бизнес-жоба ретінде қарастырылмайды».

«Жоқ, БАҚ-ын еркін деп санамаймын. Оған себеп биліктің қысым көрсетуі, қорқытуы емес, журналистердің, редакцияның өздері қойған белгілі бір шеңберден шықпауы. Көптеген журналистерде сұрақ қою мәдениеті қалыптаспаған, олар тек спикер не айтса, соны жазады».

«БАҚ тапсырыстың, биліктің, құрылтайшының еркінің шегінде тәуелсіз. Салыстырмалы түрде объективті БАҚ бар, бірақ олар өте аз».

«Кез келген БАҚ – біреудің жеке меншігі, белгілі бір саясатты атқарады».

Сұхбат берген редакторлар мен журналистердің көпшілігі БАҚ-ның тәуелсіздігі салыстырмалы ұғым деп жатты, бір тобы БАҚ-ның еркіндігі деген мүлдем жоқ деді, бірақ бәрі дерлік қазақстандық баспасөз – аймақтық және республикалық – тәуелсіз емес деген пікірге келіп тоқтады.

Цензура және өз-өзіне деген цензура

Қазақстандық медиа-мамандардың басым бөлігі (65%-дан астамы) Қазақстанда белгілі бір дәрежедегі цензура бар деп сенімді. Және барлық дерлік репортерлар, редакторлар, меншік иелері республикада цензураның классикалық үлгісі емес, журналистердің өз-өзіне деген цензурасы осы саладағы негізгі түйткілді мәселе екенін атап көрсетті.

БАҚ еркіндігі



Журналистер билікке түрлі басылымдарда жарық көретін материалдарды қадағалап отыруды баяғыда тоқтату керек екенін атап көрсетті, себебі, репортерлар мен редакторлар өздері де редакцияларда бар шектеулерді анық біледі. Бірнеше мемлекеттік басылым мен телеарналардың корреспонденттері оларда басылым бетіне немесе телеэфирге шыға алмайтын белгілі бір тақырыптар мен тұлғалардың тізімі бар екенін айтты. Сонымен қатар, редакторлардың бір тобы материалдарды түзетіп отыру үшін түрлі мемлекеттік органдар (мемлекеттік органдардың деңгейі басылым масштабына байланысты) өкілдермен тұрақты қатынаста болатындығын хабарлады.

Сұралғандардың жартысы өз-өзіне деген цензураны журналистердің ең басты мәселелерінің біріне жатқызды. Редакторлардың пікірінше репортерларда әлеуметтік және саяси мақалалар мен репортаждар дайындауда қорқыныш бар, себебі ол сот ісіне, шенеуніктер тарапынан наразылыққа, жұмыстан шығып қалуға әкеліп соғуы мүмкін.

Сонымен қатар, меншік иелері мен редакторлар түйткілді, өзекті мәселелер көтерілген материалдарды жариялауға тәуекел етпейтінін айтты, оған себеп мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың қаржыландырыуынан айрылып қалу қаупі. Бұл аталған тапсырыстардың тәуелсіз баспасөздің дамуына кедергі болғанын атап көрсеткен, айтылған пікірлерді нақтылай түседі.

«Тікелей цензура жоқ. Цензураның келесі формасы бар: меншік иелері, редакторлар, басылым шығарушылар, журналистер – белгілі бір материалдың неге әкеліп соғатынын анық біледі. Осы жерден келіп өз-өзіне деген цензура пайда болады.»

БАҚ-на ықпал

Зерттеу аясында сұралғандардың пікірі түрлі күштердің БАҚ-на ықпал етуі жайындағы сұраққа келгенде екіге жарылды. Үштен бір бөлігі масс-медиаға меншік иесі ықпал жүргізеді деп санаса, 40 %-дайы ең көп ықпал жүргізетін билік деген пікірді ұстанды.

Мұндай ықпалды журналистер сипаттай келе, оны жағымсыз деп атап көрсетті, себебі, билік пен меншік иелері журналистер мен редакторларды тақырып таңдауда, жағдайды суреттеу еркіндігіне шектеу қояды.

Сонымен қатар, редакторлар бизнестің негізгі жарнама беруші ретінде БАҚ-на деген ықпалының күшейгенін айтты, яғни ол басылымға өз талаптарын қояды, ал масс-медиаға өз кезегінде жарнамадан түсетін түсімнен айырылмау үшін жарияланымдарын шектеуіне тура келеді.

Сұралғандардың ең аз бөлігі БАҚ-на ықпал жүргізетін редактор екенін атап көрсетті, зерттеуге қатысушылардың пікірінше, редактор өте сирек жағдайларда басылымның саясатын анықтайды.


Қатысушылардың бір бөлігі меншік иесінің БАҚ-на ықпал жүргізуінің жақсы тұстарын атап кетті, олардың ойынша, меншік иесінің міндетіне билікпен, бизнеспен қарым-қатынас қалыптастыру кіреді және ол редакцияны сыртқы қысымнан қорғайтын буфер іспеттес.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЫҚПАЛДЫЛЫҒЫ

Масс-медиа түрлі елдерде бақылаушының немесе саяси, қоғамдық салада белсенді ойыншының рөлін ойнайды, саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерін өз бақылауына алады, олардың іс-әрекетіне түсініктеме беріп отырады. Қазақстанда ғана емес, жалпы Орта Азияда БАҚ-ның рөлі жұртшылыққа болған оқиға, құбылыс жайында ақпарат беріп отырумен ғана шектеледі, журналистер жағдайдың дамуына болжам жасайтын талдаушы, сарапшының рөлінде өте сирек шығады.

Зерттеу барысында сұралғандардың көпшілігі қазақстандық қоғамда БАҚ өз мүмкіндігіндегі рөлді ойнай алмай отыр есептейді.

БАҚ қоғамдағы рөлі



- БАҚ ешқандай рөл ойнамайды
- БАҚ рөлінің маңызы төмен
- БАҚ қоғамда салмақты рөл ойнайды

«БАҚ ұсақ-түйек мәселелерді шеше алады, адамдарға көмек бере алады. Олар үшін ең бастысы – саясаттан, үлкен саясаттан аулақ жүру. Үлкен саясат облыс әкімінен басталады».

«Билік БАҚ-ын тыңдайды, жергілікті билік оларды көмекші, қажет жерде айтып жіберуші деп санайды, жарияланымдарға құлақ асады».

«БАҚ оқиғаны берумен ғана шектеледі, БАҚ бетінде терең, жан-жақты талдаулар, мәселені шешу жолдарын қарастыру, сараптамалық пікірлер жоқ».

«БАҚ қазір бұрынғыдай рөлге ие емес. Көп адамдар нақты қай БАҚ-ның кімнің қол астында екенін шамалап біледі. Егер бұрындары көпшілік кім кімнің сойылын соғып жүргенін анықтап, ұғына алмаса, қазір оқырмандардың, көрермендердің басым бөлігі қайбір газеттің оппозицияның, енді бірінің мемлекеттің мүддесін көздеп жүргенін түсінді, бұл БАҚ-на деген сенімнің шайқалуына әкеліп соқты».

«Көпшілік арасында БАҚ баяғыда-ақ беделін жоғалтқан. Кейде аудитория сенен артық біліп жатады».

Сонымен қатар, медиа-сала өкілдерінің бір бөлігі республика БАҚ-ның қазіргі рөлі қандай да бір мәселені шешудегі ықпалға ие деп санайды. Сондай-ақ, репортерлар мен редакторлардың көпшілігі баспасөз бұрынғыдай қоғам пікірінің қалыптасуына ықпал етеді, қатардағы азаматтар журналистерге құлақ асады деп есептейді.

БАҚ-на деген сенім

Зерттеу барысында сауалнама жүргізілгендер аудитория қазақстандық баспасөзге қаншалықты сенеді деген сұраққа да жауап берді. Медиа-сала өкілдерінің 60%-дан астамы БАҚ оқырмандар мен көрермендердің сеніміне ие деп нық сенімді, тағы 20%-дайы көпшілік БАҚ-на сенеді, бірақ тұрақты емес деп есептейді, қалғаны қоғамда журналистерге деген сенім баяғыда жоғалған деп ойлайды.

Осылайша, сұралғандардың басым бөлігі қоғам БАҚ-на сенімсіздіктен гөрі сенімділікпен қарайды деп санайды.

Соған қарамастан, БАҚ-ның шешім қабылдайтын жандарға деген ықпалын бағалауда, журналистердің көпшілігі баспасөз айта кетерліктей ықпалға ие емес деп санайды. Шенеуніктер масс-медианы не одақтас, не қарсылас ретінде қабылдайды және көп жағдайда журналист жұмысын елеусіз қалдырады немесе БАҚ ісіне сенбеушілікпен, күмәнмен қарайды. Бұған көптеген басылымдардың өздерінің ақпараттық қызметінің өрісін шектеуі де, масс-медидағы сараптамалық деңгей мен көлемнің елеулі түрде қысқаруы да әсер етуде.

«Кейбір БАҚ-на билік те, қоғам да құлақ асады. Бірақ БАҚ-на деген сенім мәселесіне күмәнмен қараймын».

«Бұқаралық ақпарат құралдарына қарапайым оқырман сенеді. Өздерін мазалап жүрген мәселелерін, сұрақтарын БАҚ-мен бөліседі. Халық пен біздің арамызда бір бірімізге деген қолдау бар».

«БАҚ тек жекелеген мәселелерге келгенде ғана ықпалды, ал үлкен, күрделі мәселелер шешілмейді».

«БАҚ-на деген сенім аудиторияның – нақты оқырманның білімімен, жұмыс орнымен, өмір сүру деңгейімен көп жағдайда байланысты. Қалада адамдар сын көзбен қарайды, ал аймақтарда дәстүр бойынша БАҚ-на деген сенім бар».

Сонымен қатар, сауалнамаға жауап бергендер республикалық деңгейде де, әр аймақта да ықпалды деп айтуға болатын басылымдардың барлығын, оларға шыққан жарияланымдардан кейін, белгілі бір мәселенің шешімін табуы немесе шенеуніктердің жауап қатуы мүмкін екенін атап көрсетті.

Барлық аймақта дерлік журналистер ықпалды БАҚ-ын атап айтып отырды, олар үлкен тиражы бар немесе географиялық қамту аумағы үлкен жекеменшік газеттер мен телеарналар болды. Мемлекеттік басылымдар сирек айтылды, сұралғандардың айтуынша халық оларға сенімнен гөрі, сенімсіздікпен қарайды.

Осыған қатар, көптеген аймақтық журналистер, редакторлар мен меншік иелері республикалық масс-медианың елеулі түрде ықпал жүргізетінін, аймақтық БАҚ көтере алмаған мәселелерді көтеріп, оларды талқылап отыра алатынын деп атап көрсетті. Репортерлар неғұрлым өткір мәселелер көтеріп, журналистік зерттеулер жүргізген, сыни мақалалар жариялаған басылымның ықпалды бола түсетінін айтты. Мұндай басылымдар қарапайым адамдардың да, шенеуніктердің де қызығушылығын туғызады.

АҚПАРАТ АЛУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ

Ақпаратқа қол жеткізу Қазақстан масс-медиасының ең өзекті, маңызды мәселелерінің бірі болып қалуда. Журналистерге бұрынғысынша мемлекеттік органдардан ақпарат алу өте қиын.

Зерттеуге қатысқан журналистер мен редакторлар БАҚ туралы заң мен мемлекеттік қызмет туралы заңның репортерларға қажетті және сұралған ақпаратты беру туралы бөлімі жұмыс істемейді. Мемлекеттік органдар заңмен белгілеген мерзімге шыдамайды, редакцияның сұранысын ескерусіз қалдыратын кездері де аз емес, немесе материал дайындау барысында қолдануға жарамсыз жаза салынған жауапты берумен шектеледі.

Шенеуніктерден телефон арқылы ауызша пікір алу мәселесі де шешімін таппай тұр, мемлекеттік ірі қызметкерлердің көбі хат түрінде сұраныс жіберуді сұрайды, оларға жауап тез арада келе қоймайды, осыған байланысты мақала өзінің өзектілігін жоғалтады.

Тағы бір шешілмеген мәселе мемлекеттік органдардың сыни көзқарастағы және оппозициялық басылымдармен, түйткілді мәселелері бар материалдар дайындайтын журналистермен бірлесіп жұмыс жасаудан қашуы. Мемлекеттік басылымдардың ғана қызметкерлері ақпарат алуда қиындықтарға сирек кездесетіндіктерін айтты, олар ақпаратқа оңай қол жеткізеді, себебі мемлекеттік органдар олардың жіберген сұрауларына ықыласпен, ешқандай жағымсыз немесе сыни көзқарастан қорықпай жауап береді. БАҚ-ын бұлай алау журналистердің жұмысындағы теңсіздікті тудырады.

«Біздің әкімшіліктермен, баспасөз қызметтерімен тізе қосып жұмыс жасайтынмызға қарамастан, кейде ақпарат алу қиын болып жатады, бұл олардың БАҚ-мен теріс пиғылдағы қатынаста болғандығынан емес, олар тек өз жұмысын дұрыс атқара алмайды. Кейбір құрылымдарда баспасөзбен бір қалыпқа түскен жұмыс жоқ».

«Бізге мемлекеттік органдардан ақпарат алу өте қиын. Министрге жету үшін, әуелі оның көмекшісінің көмекшісіне жетіп алу керек».

«Ақпарат алуда аса бір үлкен кедергілерге кездесіп отырған жоқпыз, тек кейде ақпарат беруші, білу керек болып тұрса да, білмей кабинеттен кабинетке жібереді. Сол маманның білмейтін дүниесін білемін деп жүргенде уақытың кетіп қалады. Мемлекеттік органдар өздерінің пайдасына болса, онда ақпарат береді. Ал материал өзекті мәселе көтеріп отырса, онда көбінесе, журналистік сауалға сүйкете салып жауап беріп жатады».

«Негізгі қиындық – бюрократизм, байланысқа баруға құлықсыздық таныту. Мемлекеттік органдар өздеріне абырой өпермейтін ақпарат бергісі жоқ».

